



ЖОЛДАСХАН ҚҰРАМЫСОВ – 80

ӘНІМЕН ЖҮРЕК ТЕРБЕГЕН

хани мұрасы ұрпақтан-ұрпаққа жалғаса бермек, – деді ақын, сазгер Төлеужан Нүсіпжанұлы.

Жолдасхан Құрамысовтың қаламдас-әріптестері, көз көрген замандас, қатарластары да мінбеде жарқын бейнесін көпшілік жадында тағы бір жаңғыртты. Бұл орайда облыстың және ауданның Құрметті азаматы, «Құрмет» орденінің иегері Әскербек Абаев, Қазақстан Журналистика академиясының академигі, публицист-жазушы, әрі бала кезден бір ауылда тетелес өскен жерлесі Жұмаш Арғымбайұлы, Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі, Жамбыл ауданының Құрметті азаматы, Қазақстанның Құрметті журналисі Нүсіпбай Әбдірахым, туыстары атынан Әмірхан ақсақал сөз алып, сан қырлы дарын иесі, жүрегі таза абзал жан туралы өз естеліктерімен бөлісті. Сахна төрінде артында қалған асыл жары Ақжолтай анаға сый-құрмет көрсетілді.

Еске алу кешінің салтанатты бөлімінен кейін Жолдасхан Құрамысовтың тыңдаушы жүрегін тебірткен сазды әндері кеңінен орындалды. Концерттік бағдарламаны жүргізу тізгінін «Жетісу» газетінің бас редакторы, «Құрмет» орденінің иегері, ҚР Мәдениет қайраткері Жұматай Оспанұлы алды. Өн арасында мерейтой иесінің жеке адамдық қасиеті мен шығармашылығынан сыр ақтарып, көркем мінезді, жаны жайсаң, айналдасына мейірімді шұағын төгіп жүретін ғажап жан болғанын айтты. Сонымен қатар автордың әр туындысын таныстырып отырды. Жолдасхан Құрамысовтың «Жамбыл ата елі», «Қастегім», «Өмір-ай», «Ұзынағаш вальсі», «Қалқам-ау», «Аламан бәйге», «Еңлік гүл», «Ей, ұлар, сен де ұлар, мен де ұлар», «Арман – ғашық», «Майтөбе», «Қайрылып неге қарадың?», «Бөрілі менің байрағым», «Райымбек – ұран Райымбек», «Менің пірім – Сүйінбай» әндері шырқалды. Оны аудандық «Сүйінбай сазы» халықтық фольклорлық-этнографиялық ансамблінің әншілері, «Жерұйық» тобы, сондай-ақ Ұлжан Айнақұлова, Өмірқұл Айниязов, Тағат Күзембаев, Бакытқұл Әбенова сияқты басқа да белгілі өнер майталмандары нақышына келтіре орындап, көрерменге тамаша көңіл-күй сыйлады.

Бұл кеш – ұлттық руханиятқа өзіндік үлес қосқан ардақты тұлғаның жарқын бейнесін жас ұрпақ жадында жаңғыртқан тағылымды шара болды.

Жамбыл ауданы

өмір сүрген осындай тұлғаларды еске алу – өткенге тағзым ету ғана емес, болашаққа жасалатын айқын бағдар іспетті. Өйткені жарқын бейнесін еске ала отырып, жас ұрпақ өмір жолынан үлгі алады, ұлтқа қызмет етудің мәнін ұғады. Бұл кеш сонысымен де маңызды. Жолдасхан ағаның есімі ұрпақ жадында мәңгілік қалады, – деді әкімнің идеология жөніндегі орынбасары.

Жиында облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының бөлім басшысы Төлеужан Ғұмаров ізгі тілегін арнады.

Шаң аспанға көтерілгенімен, шаң күйінде қалады, ал асыл тас батпақта жатса да жарқырайды. Туған халқына деген үлкен құрметпен, шексіз махаббатпен туындаған таза өнер ұлтқа әрдайым қызмет ете береді. Жолдасхан ағамыз өмірден өтсе де асыл мұрасы бүгінгі ұрпаққа қызмет атқарып жатқаны содан. Асыл бейнесі шығармашылығы арқылы уақыт өткен сайын елдің жүрегінде алар орнын тереңдеті түседі. 80 жылдығына орай кітапханаларда насихаттау жұмысы жүргізілді. Облыстағы өнер ұжымдарының репертуарында көптеген әні бар. Қазақ радиосының алтын қорындағы әндері эфирден беріліп жатады. Осының барлығы туындыларының өміршеңдігін көрсетеді. Жолдасхан ағамен әріптес, қызмет бабында сапарлас та болдық. Жұмысына, ісіне адалдығын, ұлтқа деген құрметін, ақсақалдық келбетін ешқашан төмендеткен емес. Сол болмысымен жүрегімізде сақталады, ал ру-

АЛТЫН ҰЯ

«Жаз айының беташары – жақсылықтың бастауы» деп тегін айтылмаса керек. Расында, күнтізбеден маусым айының алғашқы парағы ашылғаннан-ақ қуанышты сәттер құшағын жая түседі. Соның бірін ғана тілімізге тиек етсек, ол – мектеп тұлғаларының араға жылдар салып қайта жүздесуі.

Балалық шаққа саяхат



Таяуда 1970 жылы «Нарынқол» орта мектебін бітірген 10-шы «Г» сыныбы тұлғаларының 55 жылдық кездесуі өтті. Олардың осыншама уақыттан кейінгі жүздесуінен бір-біріне деген сыйластықты, бауырмалдықты, сағынышты анық аңғарасың. Қазір «Нарынқол» орта мектебі жерлесіміз, журналист, жазушы Тельман Жанұзақовтың есімімен аталады.

Бұл кездесуді ұйымдастырып отырған тұлғалар – бүгінде 73 жастың белесіне шыққан ардақты аталар мен апалар. Олардың әрқайсысы бір-бір үйдің бәйтерегі десе де болады. Тағылымды кеште ең алдымен бақилық болған сыныптастарға Құран бағышталды. Жиналғандар мектептегі естен кетпес қызықты сәттерді еске түсіріп, балалық шаққа ойша саяхат жасады. Осы орайда оқушы кезінде белсенді болған Тұрдыш Иембердиева, Әбілқасым Смағұлов, Бақыт Тағыбеков, Нұрқасым Бағашаров, Дәріжан Ермекбаев, Әлия Кенжебаева, Саркыт Алмабекова, Аманкелді Малаев, Амантай Сейлібаев, Күлсара Алдабекова, Жанет Бүйенбаев, Нұрмұхамед Есімбеков, Нағима Мәдиева, Төлепберген Шарғынбаев, Бүбіш Мұрапбаева, Қарлыға Сәрсекова, Бүбина Көккөзова, Дүйсенбай Сламжановтар сол бір адамдық асыл қасиеттерін сары алтындай сақтап қалған.

Әрқайсысы адал еңбектің арқасында абырой атаулыдан кенде қалмаған. Өз мамандығының білгірі атанып, еліне елеулі азаматтар қатарында. Кезінде сыныптастары суретші болады деп жүрген Нұрмұхамед Есімбеков жазушы атанып кеткен. Ұлағатты ұстаздың жақында «Нарынқол әңгімелері» деген жана кітабы жарық көріпті. Оған бәріміз қуандық.

Сөйтіп, мектеп бітірушілер кеші есте қаларлықтай қызықты өтті. Бәрі армансыз шер тарқатып, бір жасарып қалғандай әсерге бөленді. Кездесудің ерекшелігі де осы болды.

Қанат ТӘКЕБАЕВ,
Алматы облысының Құрметті азаматы,
Райымбек ауданы

МАМАН МІНБЕРІ

Табиғатты қорғау – ортақ іс

Қазіргі таңда бүкіл әлемде қоршаған ортаны қорғау мәселесі аса өзекті болып отыр. Адамзаттың тұрмыстық іс-әрекеттері мен технологияның дамуынан табиғи ресурстар сарқылып, экологиялық тепе-теңдік бұзылуға. Ауа мен судың ластануы, орман алқаптарының азаюы, жануарлар мен өсімдіктер дүниесінің жойылуы – осындай өзекті мәселелердің қатарына жатады. Осыған орай, табиғатты қорғау – тек бір ұрпақтың емес, бүкіл адамзаттың ортақ міндеті екенін түсінуіміз қажет.



«Табиғатты қорғау – болашақты қорғау» деген сөз тек ұран емес, бұл – әрбір адамның өмірлік ұстанымына айналуы тиіс қағида. Себебі табиғатты сақтау арқылы біз болашақ ұрпаққа таза ауа, мөлдір су, құнарлы жер қалдырамыз. Осы мақсатта білім беру мекемелерінде экологиялық тәрбиеге қатысты танымдық шаралар ұйымдастырылады. Колледжімізде өтетін «Табиғи ресурстарды қорғау және ұтымды пайдалану мамандығы» апталығы аясында «Табиғатты қорғау – болашақты қорғау» атты эковикторина сайысы арқылы студенттер өз білімдерін бекітіп қана қоймай, қоршаған ортаға деген сүйіспеншілігін арттырып, оны қорғау жолдарын үйренеді. Мұндай іс-шаралар жастардың экологиялық мәдениеті мен белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастырады.

Эковикторина барысында қатысушылар әртүрлі қызықты және танымдық тапсырмалар орындайды. Мәселен, қалдықтарды сұрыптау, экологиялық белгілерді тану, табиғат элементтерін дұрыс сәйкестендіру сияқты ойын түрлері арқылы экологиялық білімін тереңдеті түседі. Мұндай ойын-сайыстар қатысушылардың логикалық ойлауын дамытып қана қоймай, табиғатпен үйлесімді өмір сүруге үйретеді.

Осы шара арқылы жастар табиғатты қорғау – әр адамның міндеті екенін жете сезінеді. Бұл орайда нақты әрекет қажет екені де түсінікті. Күнделікті өмірде табиғатты аялау, қоқысты дұрыс сұрыптау, су мен энергияны үнемдеу сияқты қарапайым әдеттер арқылы біз қоршаған ортаға өз үлесімізді қоса аламыз. Ендеше, табиғатты қорғай отырып, біз болашағымызға жарқын негіз қалайтынымызды ұмытпайық!

Жұпар МАМЫРБЕКОВА,
Үшқоңыр су шаруашылығы колледжінің оқытушысы
Қарасай ауданы

23.06.2025 ж. бастап 27.06.2025 ж. дейін (5 жұмыс күні ішінде) ҚР, Алматы облысы, Іле ауданы, Байсерке кенті, Султан Бейбарыс көшесі, 38 мекенжайында «FOOD PACKAGING KZ» ЖШС-тың құйылған қағаз талшықтарынан қақпақтар шығаратын цехты құру арқылы азық-түлік қаптамаларын өндіру зауытын қайта құру» жұмыс жобасына салу және пайдалану мерзіміне арналған «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша қоғамдық талқылау жолымен қоғамдық пікір өткізіледі. Тапсырыс беруші – «FOOD PACKAGING KZ» ЖШС, бас жобалау ұйымы – «Қазстройпроект жобалау институты» ЖШС, «Қоршаған ортаны қорғау» жобасын әзірлеуші – ЖК «Джунусов А.А.». Жоба материалдарын қарау үшін ndbecology.gov.kz ресурсында қолжетімді. Ескертулер мен ұсыныстарды қоғамдық талқылау күндері ndbecology.gov.kz ресурсына жолдау қажет.

С 23.06.2025 г. до 27.06.2025 г. (в течение 5 рабочих дней) проводится учет общественного мнения способом публичных обсуждений по разделу «Охрана окружающей среды» на период строительства и эксплуатации к рабочему проекту «Реконструкция завода по производству пищевой упаковки с пристройкой цеха по производству крышки из формованного бумажного волокна ТОО «FOOD PACKAGING KZ», расположенного по адресу: РК, Алматинская обл., Илийский район, пос. Байсерке, ул. Султана Бейбарыса, №38». Заказчик – ТОО «FOOD PACKAGING KZ», генеральная проектная организация – ТОО «Проектный Институт Казстройпроект», разработчик раздела «Охрана окружающей среды» – ИП «Джунусов А.А.». Материалы проекта для ознакомления доступны на ресурсе ndbecology.gov.kz. Замечания и предложения следует отправлять на ресурс ndbecology.gov.kz в дни публичных обсуждений.

ТҮЛЕКТЕР ТАРТУУЫ

Мектеп ауласындағы аллея



Адам баласының қызыққа толы кезеңдерінің бірі – мектеп қабырғасында оқыған балдаурен балалық шағы. Білім ордасына тарыдай болып кіріп, таудай болып шыққан жандардың барлығы да оқушы кезін сағынып, естен кетпес әсерлі сәттерді өмірене еске алатыны анық.

Мектеп тұлғаларының алтын ұясына деген құрметі ерекше. Әсіресе соңғы қоңырау кешінде өздері оқыған білім шаңырағына арнайы келіп, ұстаздарына құрмет көрсетіп, сый-сияпат жасауы айнымас дәстүрге айналып келеді. Биыл да ел сүйсініп айтарлықтай сондай игі шараға куә болдық. Балқаш ауданының орталығындағы М.Сенгірбаев атындағы білім шаңырағының 1980 жылғы тұлғалары мектеп ауласынан демалыс аллеясын салып, ұстаздар мен оқушыларды қуанышқа бөледі. Салтанатты шараға Балқаш

аудандық білім бөлімінің басшысы Шолпан Қошаханова, М.Сенгірбаев атындағы орта мектептің директоры Айгүл Жұмаханқызы, сонымен қатар ардагер-ұстаздар Шұратбек Жексенов пен Ғалия Садықбайқызы арнайы қатысып, жаңа аллеяның лентасын қиып, тұлғаларға алғыстарын жаудырды. Шұратбек Жексенов 45 жыл бұрын үлкен өмірге қанат қаққан тұлғалардың қасиетті қарашаңыраққа жасаған тартуына ризашылығын білдірді. Көңілі толқынға ұстаз өзінің баптаған шәкірттерінің биікте

Бактығали ДӘУІТБАЕВ
Балқаш ауданы